

**Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша  
ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ**

20.06.2022 жыл

Курчатов қаласы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабының 5-тармағын, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» ҚР ҰЯО бас директорының 03.06.2022 жылғы № 113 бұйрығын орындау үшін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі мәтін бойынша – ҚР ҰЯО РМК) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- 1) ҚР ҰЯО РМК қызметін қозғайтын құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) ҚР ҰЯО РМК ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ҚР ҰЯО РМК-ның 2022 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметін қамтыды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

- 1) ҚР ҰЯО РМК жарғысы;
- 2) ҚР ҰЯО РМК ішкі нормативтік құжаттары;
- 3) ҚР ҰЯО РМК қызметіне қатысты НҚА.

ҚР ҰЯО РМК жарғысына сәйкес ҚР ҰЯО РМК қызметінің мәні – ядролық физика, қатты дене физикасы, радиациялық материалтану, ядролық реакторлардың физикасы мен техникасы, атом энергетикасының қауіпсіздігін негіздеу, радиоэкология саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, Қазақстан Республикасының аумағында ядролық сынақтардың салдарын зерделеу және жою, мемлекетке тиесілі стратегиялық объектілерді күтіп ұстау және тағы басқалар.

**1. ҚР ҰЯО РМК қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

ҚР ҰЯО РМК өз қызметін жүзеге асыратын негізгі заңнамалық актілер ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, Қазақстан Республикасының «Атом энергиясын пайдалану туралы», «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы», «Ғылым туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдары болып табылады.

ҚР ҰЯО РМК қызметіне қатысты басқа нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

## **2. ҚР ҰЯО РМК ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

ҚР ҰЯО РМК ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚР ҰЯО РМК жарғысында белгіленген тәртіппен ҚР ҰЯО РМК бас директоры бекіткен кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады, олар: жұмыскерлерді аттестаттау туралы ереже, ҚР ҰЯО РМК персоналын іріктеу, қабылдау, бейімдеу және жұмыскерлерді кадрлық ауыстыру тәртібі туралы ереже, кадр резерві туралы ереже, еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарға уақытша жіберу тәртібі туралы ереже, бас директордың орынбасары бос лауазымына орналасуға конкурс туралы ереже, біліктілік комиссиясы және жұмыскерлер лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары туралы ереже, дербес деректермен жұмыс істеу және жұмыскерлердің дербес деректерін жинау мен өңдеуге жауапты жұмыскерлерді тағайындау туралы ереже, ҚР ҰЯО РМК-да еңбекке ақы төлеу жүйесін ұйымдастыру қағидалары, ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелері мен оның филиалдары басшыларының мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимылы мен жауапкершілігінің тәртібі, ҚР ҰЯО РМК еңбек тәртібінің қағидалары, ҚР ҰЯО РМК корпоративтік әдеп кодексі, ҚР ҰЯО РМК және оның филиалдарының аумақтарында, ғимараттарында, үй-жайлары мен құрылыстарында бөгде ұйымдардың мердігерлік шарттары бойынша құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру туралы ереже, ҚР ҰЯО РМК бас кеңсесінде ыдыстарды пайдалану кезінде ыдыстардың жарамды жай-күйін, қауіпсіз пайдаланылуын және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын қадағалауды жүзеге асыратын жұмыскерге арналған технологиялық регламент.

Персоналды басқару қызметін талдау кезінде мыналар анықталды: 2022 жылғы 15 маусымдағы жағдай бойынша ҚР ҰЯО РМК штат саны 2027,15 бірлікті құрайды, оның ішінде нақты – 1844 бірлік. ҚР ҰЯО РМК бас кеңсесі жұмыскерлерінің штат саны – 190 бірлік, нақты саны – 185 бірлік.

ҚР ҰЯО РМК құрамына 4 филиал кіреді:

«Атом энергиясы институты» филиалы – штат саны 806 бірлік, нақты саны – 754 бірлік.

«Радиациялық қауіпсіздік және экология институты» филиалы – штат саны 282 бірлік, нақты – 261 бірлік.

«Геофизикалық зерттеулер институты» филиалы – штат саны 355,05 бірлік, нақты – 324 бірлік.

«Байкал» филиалы – штат саны 394 бірлік, нақты – 320 бірлік.

-	АЭИ	Байкал	ГЗИ	РҚЭИ	ҚР ҰЯО	<b>ЖИЫНЫ</b>
Бос орындар саны	51,0	47,5	8,7	23,2	7,2	<b>137,6</b>

Бас директордың 2020 жылғы 24 ақпандағы № 17а бұйрығымен бекітілген ҚР ҰЯО РМК персоналын іріктеу, қабылдау, бейімдеу және жұмыскерлерді кадрлық

ауыстыру тәртібі туралы ереженің шарттары ҚР ҰЯО РМК-да жеке тұлғаларды жұмысқа орналастыру кезінде барлық ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмайды. ҚР ҰЯО РМК-дағы бос лауазымдар туралы ақпарат ЕҢБЕК «Электрондық еңбек биржасы» порталында орналастырылады.

Кандидаттарды бастапқы іріктеу кезінде келіп түскен барлық түйіндемелер кандидаттардың қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қаралады және персоналды іріктеуге арналған өтінімде көрсетілген формальды түрде мәлімделген белгілер бойынша кадрлық жұмысы бөлімі (бұдан әрі – КЖБ) іріктейді, содан кейін кандидатпен телефон арқылы алдын ала әңгімелесу жүргізіледі. Іріктелген кандидаттар КЖБ-да және кәсіпорынның қауіпсіздік бөлімінде (бұдан әрі – ҚБ) алғашқы әңгімелесуден өтеді. Құрылымдық бөлімшенің басшысы кандидат туралы мәліметтерді зерделегеннен кейін екінші іріктеу әңгімелесуін өткізеді және кандидатты жұмысқа шақыру туралы шешім 4 деңгейде, яғни КЖБ, ҚБ, тікелей басшымен, жоғары тұрған басшымен оң келісілгеннен кейін ғана мүмкін болады.

ҚР ҰЯО РМК-ға жұмысқа қабылдау кезінде конкурстық рәсімдер пайдаланылады:

- ҚР ҰЯО РМК бас ұйымында – Бас директордың орынбасары бос лауазымына орналасуға конкурс туралы ережеге сәйкес;

- «Атом энергиясы институты» филиалында – Филиалдың ғылыми-техникалық кеңесі туралы ережеге сәйкес (ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды тікелей жүзеге асыратын бөлімше бастығының лауазымы).

Кадрлардың ауысу себептерін анықтау бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде мыналар анықталды:

Есепті кезеңде 83 қызметкер жұмыстан босатылды, соның ішінде:

- жұмыскердің бастамасы бойынша – 67;
- еңбек шартының мерзімінің аяқталуы бойынша – 5;
- зейнеткерлік жасқа толуы бойынша – 4;
- басқа филиалдарға ауысу – 4;
- тараптардың еркінен тыс мән-жайлар бойынша – 3.

Жұмыскердің заңды күшіне енген сот актісіне сәйкес одан әрі жұмыс істеу мүмкіндігін жоятын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауына байланысты жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарттарын бұзу фактілері жоқ.

Жалпы алғанда, тұрақтамаушылық пайызы 10%-дан аз, бұл 2027,15 бірлік штат саны кезінде қалыпты болып табылады.

Жұмыскерлерді жұмыстан босатудың негізгі себептері тұрғылықты жерінің өзгеруімен, Курчатов қаласында медициналық және басқа да әлеуметтік салалардың дамымауымен байланысты.

Есептік кезеңде 29 адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде: «Байкал» филиалының 3 жұмыскері, «Атом энергиясы институты» филиалының 18 жұмыскері, «Радиациялық қауіпсіздік және экология институты» филиалының 5 жұмыскері, «Геофизикалық зерттеулер институты» филиалының 2 жұмыскері, ҚР ҰЯО РМК-ның 1 жұмыскері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

ҚР ҰЯО РМК-да қолданылған тәртіптік жазаға шағымдануға қатысты дау орын алды, атап айтқанда, «Атом энергиясы институты» филиалының жұмыскері А.Т. Избасханова ҚР ҰЯО РМК-ның келісім комиссиясына «ИГР реакторының

сәулеленген уран-графит отынымен зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы» 11.01.2022 жылғы № 01-600-18/61і шешімнің 2 және 3-тармақтарын орындамауына байланысты ескерту түрінде қолданылған тәртіптік жазаға шағымдану туралы өтініш білдірді. Келісім комиссиясының 2022 жылғы 29 наурыздағы № 36 шешімі негізінде тәртіптік жаза алынып тасталды.

2022 жылдың бірінші жартыжылдығында «Атом энергиясы институты» филиалында жұмыскерлердің келесі мерзімдермен өз лауазымдық міндеттерін адал орындауына байланысты мерзімінен бұрын алынған тәртіптік жаза қолдану және мерзімінен бұрын алу жағдайлары орын алды:

- 1) 14.10.2021 жыл – 24.01.2022 жыл;
- 2) 15.10.2021 жыл – 25.02.2022 жыл;
- 3) 17.01.2022 жыл – 15.04.2022 жыл;
- 4) 29.12.2021 жыл – 16.05.2022 жыл.

Бұл жағдайларда аталған филиалдың жұмыскеріне тәртіптік жазаның ең аз қолданылу мерзімі 3 айды құрайды.

Алынбаған тәртіптік жазасы бар жұмыскерлерге сыйақы беру фактілері – жоқ.

«Атом энергиясы институты» филиалында оқыту шартында көзделген белгіленген мерзімді өтемеген жұмыскерлерді жұмыстан босатудың 3 жағдайы орын алды. Оқыту шартының 1.5-тармағына сәйкес жұмыскерлер ҚР ҰЯО РМК АЭИ филиалында оқу үшін ақшалай қаражатты жұмыс істелмеген мерзімге пропорционалды түрде өтеді.

Қолданылған тәртіптік жазаларға шағымдануға қатысты немесе жұмысқа қайта қабылдау туралы сот даулары жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу:

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты адамдарға теңестірілген адамдардың лауазымдарға орналасу, сондай-ақ тікелей бағынысты жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) және (немесе) жекжаттарының болу фактілері анықталған жоқ.

Кәсіпорын жұмыскері оның туыстары болып табылатын адамдарға олардың тікелей бағынысында болуына байланысты пайда әкелуі мүмкін шешімдер қабылдауға қатысқан жағдайда мүдделер қақтығысының туындау қаупі бар:

«Радиациялық қауіпсіздік және экология институты» филиалында – ерлі-зайыпты Омаровтар, зертхана бастығы А.В. Омарова өзінің жұбайы М.А. Омаровтың тікелей бағынысында;

«Атом энергиясы институты» филиалында – ерлі-зайыпты Прозоровтар, 241-зертхананың топ бастығы А. Прозоров өзінің жұбайы 241-зертхана бастығы И.В. Прозорованың тікелей бағынысында; әкелі-балалы Комковтар, 366-қызметтің аккумуляторшысы К.А. Комков әкесі, 366-қызмет бастығы А.В. Комковтың тікелей бағынысында; апалы-сіңлілілер, 910-бөлімінің қонақ үйінде қабат бойынша кезекші Г.А. Қарабаева өз әпкесі, 910-бөлімінің қонақ үй директоры Л.А. Голубеваның тікелей бағынысында.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға қатысты жүргізілген талдау барысында мыналар анықталды: кәсіпорын жұмыскерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері фактісі бойынша немесе ҚР ҰЯО РМК жұмыскерлерінің

сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкелетін әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан өтініштер тіркелген жоқ.

Жеке немесе заңды тұлғалардың өтініштеріне уақтылы жауап бермеу немесе жауап бермеу жағдайларына жол берілген жоқ.

ҚР ҰЯО РМК-ның мемлекеттік сатып алулары «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының нормаларына, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына, сондай-ақ ішкі құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Кәсіпорында бас директордың 24.11.2021 жылғы № 1121 МС бұйрығымен «ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелері және оның филиалдары басшыларының тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі және жауапкершілігі» бекітілген, онда ҚР ҰЯО РМК құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ филиалдардың МТЖБ басшылары ТЖҚ-ны сатып алу қажеттілігін негіздей отырып, соның ішінде: сатып алынатын ТЖҚ-ға бағаны (коммерциялық ұсыныстар) негіздей отырып, МСЖ-ға енгізу (соның ішінде өзгерістер мен толықтырулар) үшін және ТЖҚ сатып алуға өтінімдерді (бұдан әрі – өтінімдер) бас директордың немесе оны алмастыратын адамның қарауына уақтылы ұсынатыны, ал ТЖҚ-ны тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алған жағдайда, өнім беруші туралы ақпарат көрсетілген.

Әлеуетті өнім беруші ең төмен баға ұсынысы (кемінде екі баға ұсынысын сұрату негізінде) және сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бойынша айқындалады. Шарт сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің неғұрлым төмен құнын ұсынған өнім берушінің баға ұсынысы бойынша жасалады. Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге жасалатын шарттар бойынша өнім берушілерді таңдау критерийлері, сондай-ақ біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі болып табылады.

Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін өнім берушілерді таңдау фактілері болған жоқ.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу электрондық түрде мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады, бұл өнім берушімен қандай да бір байланысты болдырмайды.

Әлеуетті өнім берушілердің «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 6-бабында белгіленген мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты шектеулерді бұзу жағдайлары болған жоқ.

Жүргізілген талдау барысында мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу кезінде аффилирлеу фактілері анықталған жоқ.

Көрсетілген кезеңде қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауы себебінен өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу нәтижесінде жасалған шарттар жасалған жоқ.

Егер олардың құндық мәндегі жылдық көлемі АЕК жүз есе мөлшерінен аспаса, тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу нәтижесінде жасалған шарттар саны – 3 шарт.

Егер құндық мәндегі жылдық көлем АЕК бес жүз еселік мөлшерінен аспаса, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу нәтижесінде жасалған шарттардың саны – 41 шарт.

Алайда, бекітілген мемлекеттік сатып алу жоспарының басым бөлігі баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілмегеннен кейін бір көзден алу тәсілімен сатып алынғанын атап өткен жөн. Осылайша, мемлекеттік сатып алу баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен бір ғана әлеуетті өнім берушінің сатып алуға қатысу себебі бойынша өтпеді деп танылған жағдайда, жүйе тапсырыс берушінің қатысуынсыз автоматты түрде осындай әлеуетті өнім берушіге бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шақыру жібереді.

Сондай-ақ бір көзден алу тәсілімен сатып алудың едәуір бөлігі «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 39-б. 3-т. 1-тм. негізінде – табиғи монополиялар салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ энергиямен жабдықтаудың көрсетілетін қызметтерін сатып алу немесе электр энергиясын кепілдендірілген берушімен қоса электр энергиясын сатып алу-сату негізінде жасалды.

ҚР ҰЯО РМК ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын ұстанады, яғни әлеуетті өнім берушіні таңдау кезіндегі басты критерий – сатып алынатын ТЖҚ сапасының төмендеу қаупі барынша азайтылатын ең төменгі баға. Сондай-ақ ҚР ҰЯО РМК отандық берушілерге қолдау көрсету және зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау мүмкіндігін ескереді. «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 4-бабы.

Өтеулі қызмет көрсетуге жеке тұлғалармен мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларын қолданбай жасалған шарттар саны, мұнда ҚР ҰЯО РМК тапсырыс беруші ретінде әрекет етеді: ҚР ҰЯО РМК – 6 шарт, «Байкал» филиалы – 1 шарт, «Атом энергиясы институты» филиалы – 54 шарт, «Радиациялық қауіпсіздік және экология институты» филиалы – 24, «Геофизикалық зерттеулер институты» филиалы – 33 шарт.

Жасалған шарттар бойынша орындаушыларды таңдау критерийі ең төменгі баға, орындаушының біліктілікке сәйкестігі және т. б. болды.

### **Ұсынымдар:**

ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша кәсіпорын әкімшілігіне төмендегілерді ұсынды:

1. Қабылданатын ішкі нормативтік құжаттарды іске асыру кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты талдау жүргізу.

2. Тәртіптік жазаны қолдану және алып тастау кезінде жұмыскер жасаған теріс қылықтың ауырлық дәрежесін және жазаны мерзімінен бұрын алып тастау үшін формальды емес негіздердің болуын ескеру қажет.

3. Жұмыскерлер кәсіпорынға жұмысқа орналасқан кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына сәйкес жұмыс істейтін туыстары мен қабылданатын адамдардың бір-біріне тікелей бағыныстылықта болуын болдырмау мәселесін қарастыру.

4. Тікелей бағыныстылықтың болуы есебінен мүдделер қақтығысының мәні болуы мүмкін шешімдер қабылдаудан жұмыскерлерді шеттету мүмкіндігін қарастыру.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларының, іскерлік әдеп пен парасаттылық, азаматтық-құқықтық шарттар, мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасу кезінде адал бәсекелестік қағидаттарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету.

6. Мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын адамдарға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауапкершілік шаралары туралы жүйелі түрде түсіндіруді жалғастыру.

ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы комплеанс қызметінің басшысы



Е.М. Иманмәдиев

ҚР ҰЯО РМК сыбайлас жемқорлыққа  
қарсы комплеанс қызметінің мүшелері:

ҚР ҰЯО РМК қаржы басқармасының бастығы –  
бас бухгалтер



С.А. Нигрей

ҚР ҰЯО РМК әкімшілік-шаруашылық  
басқармасының бастығы



Қ.Е. Қажиев